



# ТІЛ БІЛІМІНЕ КІРІСПЕ

## Фонетика. 1-бөлім

3-тарау. Фонетика





Егер тілді білсеңіз, сол тілдегі дыбыстарды және олардан қалай сөз құрау керектігін де білесіз. Ағылшын тілін білсеңіз, b, s және u әріптері арқылы берілген дыбыстарды танысыз және оларды біріктіріп, bus және sub сөздерін құрай аласыз. Дегенмен тілдер әртүрлі дыбыстардан тұруы мүмкін, әлемдегі барлық тілдегі дыбыстар адамның дыбыстау мүшелері шығара алатын дыбыстар тобын құрайды. Бұл дәрісте дыбыстар, олардың жасалу жолдары мен жіктелуін талдайтын боламыз.

Дыбыстарды зерттейтін ғылым фонетика деп аталады. Оларды сипаттау үшін жеке дыбыстың қандай екенін және дыбыстардың бір-бірінен айырмашылығын білу керек. Бұл оңай сияқты көрінгенімен, шындығында олай емес. Біз сөйлеп жатқан кезде дыбыстар бірдей дыбысталатындай көрінеді және бір дыбыстың аяқталып, келесісі басталғаны айқын білінбейді. Алайда тілді білсек, әр дыбысты «санамыздың құлағы» арқылы жеке-жеке естиміз және оларды түсінеміз.

Ағылшын тілінде сөйлеуші bus сөзінде үш дыбыс бар екенін біледі. Физикалық тұрғыдан бұл сөз бір ғана үздіксіз дыбыстан тұрады. Сіз оны бөліктерге бөле аласыз, себебі, ағылшын тілін жақсы білесіз. Сонымен қатар басқа жерде кездескен кезде оны айнытпай тани аласыз. Мысалы, bet немесе rob сөздерінде – b, up сөзінде – u, ал sister сөзінде s дыбысы бар. Ағылшын тілінде сөйлеушілер keerout тіркесін екі сөзге: keer және out деп бөле алады, өйткені олар тілді біледі. Жалпы, біз сөйлеу барысында тоқтаймыз деп ойлағанымызбен, тек тыныс алғанда болмаса, тоқтамаймыз. Тілді меңгеріп жатқан кішкентай балалардың сөйлеуі бұған дәлел. Баспалдақпен төмен түсіп келе жатқан екі жасар бала анасының «hold on» дегенін естіп, сөздердің арасындағы үзіліс қай жерде екенін білмегендіктен: «I'm holding on, I'm holding on», – деп жауап беріпті. Расында, дыбыс жігінің дұрыс қойылмауы сөздердің формасын өзгертіп жіберді. Мысалы, ағылшын тілінің ерте кезеңінде arpon сөзі parpon деп қолданылған. Алайда a parpon тіркесі жиі an arpon деп қате айтылып, сөзден n әрпі жойылып кеткен. Кейбір сөз тіркестері мен сөйлемдер әртүрлі жазылғанымен, бірдей дыбысталып, екі түрлі мағына білдіруі мүмкін. Келесі жұп тіркестер мен сөйлемдерді дауыстап оқып, естігенімізді кейде неге қате түсінетінімізді көріңіз:

grade A	gray day
I scream	ice cream
the sun's rays meet	the sons raise meat

Сөздер мен жеке дыбыстардың айтылуының арасында үзіліс болмағандықтан, біз өзге тілде сөйлеп жатқан адамдар сөздерді қосып айтады деп ойлаймыз. Шын мәнінде біз де солай сөйлейміз. Сөйлеп жатқан адамның рентген түсірілімдері сөздердің арасындағы үзілістің жоқтығын айқындап берді: одан дыбыс шығарып жатқан кездегі еріннің, тіл мен жақтың үздіксіз қозғалысын көруге болады. Егер тіл білсеңіз, үздіксіз дыбыстарды бөлу қиынға түспейді. Тілдің әліпбиі болу-болмауы немесе тыңдаушының оқып не жаза алуы маңызды емес. Тілді білетін әр адам сөйлемді сөздерге, сөздерді дыбыстарға бөле алады. Бұл – сауаттылық дәрежесі емес, адамның табиғи сөйлеу формасы. Сөйлеу кезінде үзіліс болмауына қарамастан, әр сөзді жеке дара түсінуіміз ғажап нәрсе. Тіпті таңғаларлық қабілет деуге болады, себебі, барлық жағдайда бір сөзді екі адам бірдей дыбыстамайды. Адамдардың бітіміне, жасына, жынысына және басқа да жайттарға байланысты cat сөзін екі адам екі түрлі айтуы мүмкін. Бір адам cat сөзін екі түрлі дыбыстауы да мүмкін. Әртүрлі бейнеленетін дыбысталудағы ұқсастықтарды білуіміз арқылы біздің тілдік сауатымыз анықталады. Біз дыбысталу аспектілерінің қайсысы маңызды, қайсысы маңызды емес екенін білеміз. Мысалы, біреу сөйлегенде жөтелсе, «How (жөтеліп) are you?» дегенде тыңдаушы жөтелді елемей, жай ғана «How are you?» деп қабылдайды. Адамдар әртүрлі екіпінде, әртүрлі жылдамдықта сөйлейді. Алайда бұл айырмашылықтар лингвистикалық тұрғыдан маңызды емес.

Біздің лингвистикалық біліміміз сөйлеудегі лингвистикалық емес айырмашылықтарды елемеге мүмкіндік береді. Сонымен қатар өз тілімізде жоқ дыбыстарды да шығара аламыз. Көптеген ағылшынтілділер келіспеушілікті білдіретін tsk дыбысын шығара алады. Бұл дыбыс ешқашан ағылшын тілінде сөздің бөлшегі ретінде кездеспейді. Тіпті ағылшын тілінде сөйлейтін көптеген адамдар үшін басқа дыбыспен қосып айту қиынға соғады. Бұл дыбыс Оңтүстік Африкада қолданылатын коса, зулу, сесото және хой-хой тілдерінде кездеседі. Мысалы, ағыл-



шын тіліндегі k және t дыбыстары секілді. Бұл тілдерде спикерлер мұны еш қиналмай айта алады. Сондықтан tsk дыбысы коса тілінде бар, ал ағылшын тілінде жоқ.

Think сөзінде th әріптері арқылы шығарылатын дыбыс ағылшын тілінде бар, бірақ, француз тілінде жоқ. Жалпы айтқанда, тілдер сөздерді құрайтын дыбыстардың құрамы бойынша бір-бірінен түрлі дәрежеде ерекшеленеді.

Фонетика ғылымы әлемнің барлық тілінде қолданылатын дыбыстарды сипаттауға тырысады. Айтылым фонетикасы яғни, акустикалық фонетика дыбыстың физикалық қасиеттерін зерттейді; естілім фонетикасы тыңдаушылардың дыбысты қабылдауын қарастырады; жасалым фонетикасы яғни, артикуляциялық фонетика тілдегі дыбыстардың сөйлеу мүшелері арқылы шығуын зерттейді.

Орфография яғни, «дұрыс жазу» тілдегі дыбыстарды жүйелі түрде сипаттауға міндетті емес. Фонетика ғылымында жетістікке жету үшін біз бір дыбыстың әр жағдайда бір әріппен жазылуын және әр әріптің барлық жағдайда бірдей дыбысталу жолын ойлап табуымыз керек.

Төмендегі сөйлемдерді талдайық:

Did he believe that Caesar could see the people seize the seas?  
The silly amoeba stole the key to the machine.

Бір ғана дыбыс e, ie, ae, ee, eo, ei, ea, y, oe, ey және i арқылы әртүрлі берілген. Олай болса, орфография заңдылықтарын «бұза» отырып, әріптерді қосу арқылы бір ғана дыбысты білдіруге болатынын байқаймыз. Берілген мысалдарға азар аударайық:

shoot	character	Thomas	physics
either	deal	rough	nation
coat	glacial	theater	plain

Кейбір әріптер белгілі бір сөздерде дыбысталмайды (олар «үнсіз» әріптер деп айтылады):

mnemonic	autumn	asthma	corps
honest	chthonic	hole	Christmas
psychology	sword	debt	gnaw
bough	phthalate	island	knot

Демек, естіліп тұрған дыбыс әріп арқылы берілмеуі мүмкін. Көптеген сөздерде u әрпі қазақтың ю дыбысын береді:

cute	(kyute деп естіледі; салыстырыңыз: coot)
fume	(fyume деп естіледі; салыстырыңыз: fool)
use	(yuse деп естіледі; салыстырыңыз: umlaut)

1988 жылы Халықаралық Фонетика Қауымдастығы барлық тілдің дыбыстарын бейнелеп көрсететін фонетикалық әліпбиді дамытты. Олар қарапайым әріптер мен ойдан шығарылған таңбаларды қолданды. Әліпбидегі әрбір таңба барлық әлем тілдерінде бір мәнге ие болды. Әліпбиді білген адам ондағы жазылған сөздерді қалай дыбыстау керектігін және сөзді естігенде оны әріптік таңбалармен қалай жазу керектігін білді.

Халықаралық Фонетикалық Әліпбиді шығарушылар бұл әліпбидегі таңбалар әлемдегі барлық тілдегі дыбыстардың негізі болуға жеткілікті деп есептеді. Олар арқылы біз ағылшын тіліндегі дыбыстарды бейнелейміз. Бірақ бұл таңбалар дыбыстардың әр адам арқылы және әр сөзде әртүрлі дыбысталуын сипаттап бере алмайды. Ағылшын тіліне қажетті фонетикалық таңбалар бұл тізімде толық емес, бірақ, мақсатымызға жетуге жеткілікті. Дыбыстарды толығырақ талдаған кезде оларға сәйкес келетін таңбаларды қосамыз. Фонетикалық таңбаларды әріптерден ажырата алу үшін біз қазірден бастап оларды тік жақшаларға аламыз. Sofa сөзіндегі [ə] таңбасы schwa деп аталады. Біз ол таңбаны сөйлеу барысында анық естілмейтін және қысқа ғана дыбысталатын дауысты дыбыстарды бейнелеу үшін қолданамыз, мысалы, general, about, reader т.б. Кестедегі басқа дауысты дыбыс таңбаларының барлығына екпін түседі.



Бір елдің әр бөлігіндегі сөйлеушілер кейбір сөздерді әртүрлі дыбыстауы мүмкін. Мысалы, кейбіреулер *which* және *witch* сөздерін бірдей дыбыстайды. Солай болған жағдайда, екі сөздің де алғашқы дыбысы [w] таңбасы арқылы бейнеленген. Ал олай болмаса, *which* сөзіндегі *wh* [ʍ] таңбасы арқылы бейнеленеді.

Кейбір ағылшын тілінде сөйлеушілер *bought* және *pot* сөздерін бірдей дыбыстайды; ал енді біреулері *bore* және *bar* сөздерін ұқсас дыбыстар арқылы айтады. Сондықтан екі сөз де таңбалар кестесіне енді. Ағылшын тіліндегі дыбысталу айырмашылығының барлығын фонетикалық таңба ретінде енгізу өте қиын. Біздің тілімізде кестеде берілмеген дыбыстар болуы және болмауы да мүмкін, бірақ, ол қалыпты жағдай. Ағылшын тілінің түрі көп: Англия, Аустралия, Ирландия, Үндістан елдерінде қолданылатын ағылшын тілінде айтарлықтай дыбыстық ерекшеліктер бар. Кез келген дыбысты шығару ауаның қозғалысына байланысты. Көптеген сөйлеу дыбыстары өкпедегі ауаның дауыс шымылдығы арқылы тамаққа, одан әрі ауызға немесе мұрын қуысына барып, денеден шығуы арқылы жасалады.

Анатомия сабағынан қысқаша мәлімет бере кетелік. Көмекейде дауыс шымылдығы орналасқан. Одан жоғары тұрған тамақтың түтікшелі бөлігі жұтқыншақ деп аталады. Адамдар әдетте «ауыз» деп айтатын дене мүшесін ғалымдар ауыз қуысы деп айтады және мұрын қуысы дегеніміз – мұрын және оны тамақпен байланыстыратын түтікше. Сондай-ақ біздің тіліміз бен ерніміз бар, олар жылдам қозғалуға және пішінін өзгертуге қабілетті. Осылардың барлығы сөйлеу мүшелері деп аталады. Сөйлеу мүшелерінің әртүрлі бөліктерінің қозғалуы арқылы біз олардың пішінін өзгертеміз және нәтижесінде тілдегі әртүрлі дыбыстарды шығарамыз.

Барлық тілдегі дыбыстар екі топқа бөлінеді: **дауыссыз дыбыстар** және **дауысты дыбыстар**. Дауыссыз дыбыстар өкпеден шыққан ауаның кедергілерге ұшырауы арқылы жасалады. Фонетикада дауысты және дауыссыз ұғымдары әріптерге емес, дыбыстар тобына қатысты. Әліпби туралы айтсақ, біз а әрпін – дауысты, ал с әрпін дауыссыз дейміз, бірақ, ол жай ғана дауысты дыбысты а әрпі арқылы, дауыссыз дыбысты с әрпі арқылы бейнелейтінімізді білдіреді. Біз дауыссыз дыбыстарды артикуляция орны деп аталатын дыбыстың кедергіге ұшырайтын жерлеріне байланысты жіктейміз. Тіл және ерін қозғалысы ауыз қуысының пішінін өзгерте отырып, әртүрлі жолмен әртүрлі дыбыстар шығарады. Біз артикуляцияның негізгі орындарын талқылаймыз.

Әр дыбыс тобының түсіндірмесін оқу кезінде, сол сөздерді дауыстап айтқан кезде қай сөйлеу мүшеңіз қимылдағанын сезінуге тырысыңыз.

**Еріндік дауыссыз дыбыстар** (Bilabials) [p] [b] [m]. Біз [p], [b] және [m] дыбыстарын астыңғы ерінді үстіңгісіне қосу арқылы шығарамыз.

**Лабиоденталды дауыссыз дыбыстар** [f] [v]. Біз [f] және [v] дыбыстарын шығару үшін де ернімізді қолданамыз. Бұл дыбыстарды шығару үшін төменгі ерінді азу тістерге тигіземіз.

**Интерденталды дауыссыз дыбыстар** (тісаралық) [θ] [θ]. Бұл екі дыбыста *th* деп айтылады, тілдің ұшын екі күрек тістің ортасына қою арқылы жасалады. Кейбір спикерлер бұл дыбыстарды тілді тістің артына тигізу арқылы жасайды және дыбыс дұрысырақ шығады, олар денталды дауыссыздар деп аталады. Айнаға қарап, *think* және *these* сөздерін айтып, тіліңіздің ұшы қай жерге тиетінін қараңыз.

**Тілұшы дауыссыз дыбыстары** (альвеолярлы) [t] [d] [n] [s] [z] [l] [r].

Барлық жеті дыбыс тілдің әртүрлі жолмен таңдайға тиюі арқылы шығарылады.

- [t], [d], және [n] дыбыстарын шығару кезінде тілдің ұшы жиекке немесе жиектің алдыңғы жағына тиеді.

- [s] және [z] дыбыстарын шығару кезінде тілдің екі шеті көтеріледі, бірақ, тілдің ұшы төмен иіліп, оның үстінен ауа шығады.

- [l] дыбысын шығару кезінде тілдің ұшы жоғары көтеріледі, ал тілдің қалған бөліктері орнында қалып, ауаның екі шеттен шығуына мүмкіндік береді. Сондықтан да [l] латералды дыбыс деп аталады. Сіз оны *Lolita* сөзіндегі *l* дыбыстары арқылы сезе аласыз.

- Ал [r] дыбысын ағылшын тілінде сөйлейтіндердің көпшілігі тілдің ұшын немесе үстін жиектің артқы жағына тигізу арқылы айтылады. [l] дыбысының шығуына керісінше, [r] дыбысы тілдің ауыз қуысының орталық бөлігі арқылы шығады.

Бұл орталық жұмсақ дауыссыз деп аталады.



**Палаталды дауыссыз дыбыстар** [ʃ] [ʒ] [tʃ] [dʒ] [j]. Бұл дыбыстар mission [mɪʃən], measure [meɪʒə], shear [ʃɪr], judge [dʒʌdʒ] және yo-yo [joʊjo] сөздерінде кездеседі және тілдің алдыңғы бөлігін таңдайға тигізу арқылы шығарылады.

**Тіларты дауыссыз дыбыстары** [k] [g] [ŋ]. Дыбыстардың бұл тобы тілдің артқы жағын жұмсақ таңдайға немесе таңдай пердесіне тигізу арқылы дыбысталады. Kick [kɪk] және gig [gɪg] сөздерінің бастапқы және соңғы дыбыстары және back [b.k], bag [b.g] және bang [b.ŋ] сөзінің соңғы дыбыстары осы топқа жатады. Тіларты, яғни увулярлы дауыссыз дыбыстар [r] [q] [ç]. Тіларты дауыссыз дыбыстар тілдің артқы бөлігін таңдай тілшесіне тигізу арқылы шығарылады. Француз тіліндегі trill сөзіндегі r дыбысы [r] таңбасы арқылы беріледі.

[q] және [ç] увулярлы дыбыстар араб тілінде кездеседі. Бұл дыбыстар ағылшын тілінде жеке кездеспейді.

Тіларты (Глоталды) дауыссыз дыбыстар [h] [ʔ].

[h] дыбысы ашық дауыс сіңірлерінің арасынан ауаның өтуі арқылы жасалады және тіл мен еріннен өтеді. Себебі олар [h]-дан кейін тұратын дауысты дыбысты шығаруға дайындалады. Егер дауыс шымылдығы жабылып, ауа дауыс сіңірлерінде тұрып қалса, дауыс шымылдығы ауаны жіберген кезде көмей кідірісі [ʔ] болады. Әнші Майкл Джексон көмей кідірісін көптеген атақты әндерінде еркін қолданған.

Дауыссыз дыбыстардың бірнеше тобын олардың артикуляция орнына байланысты талдадық, бірақ, біз әлі де әр топтағы дауыссыздарды бір-бірінен ажырата алмаймыз. [p] және [b] немесе [b] және [m] дыбыстарының айырмашылығы неде? Барлығы еріндік дауыссыз дыбыстар. [t], [d] және [n] дыбыстары альвеолярлы дыбыстар қатарына жатады. Егер дауыс шымылдығы ашылып, ауыз қуысынан ауа кедергісіз шықса, дыбыстар қатаң болады.

Super [supər] сөзіндегі [p] және [s] дыбыстары осы топқа жатады.

Егер дауыс шымылдығы жабылып, ауа ағынына кедергі келтірсе, дыбыс дірілдеп шығады. Ондай дыбыстар ұяң. Buzz [bʌz] сөзіндегі [b] және [z] дыбыстары ұяң. Дыбысты сезіну үшін екі құлағыңызды жауып, «z-z-z-z-z» деп дауыстап айтып көріңіз. Осылай дауыс шымылдығының дірілдеуін сезіне аласыз. Егер «s-s-s-s-s» деп айтсаңыз, діріл сезілмейді тек, ысылдаған дыбысты естисіз. Сыбырлап сөйлегенде сөйлеу дыбыстарының бәрі қатаң болады. Тексеріп көріңіз. «Sue» және «zoo» деп сыбырлаңыз. Айырмашылық жоқ, солай ма?

Дауыссыз дыбыс түрлерін ажырата білу ағылшын тілінде өте маңызды. Бұл фонетикалық қасиет сөздерді жұптап ажыратады:

rope/robe	fate/fade	rack/rag	wreath/wreathe
[rɒp]/[rɒb]	[fet]/[fed]	[r.k]/[ræg]	[riθ]/[rið]

Әр жұптың бірінші сөзі қатаң дыбыспен, ал екінші сөзі ұяң дыбыспен аяқталады; басқа аспектілер бірдей және тіл мен ерін қызметі де бірдей. Ұяң және қатаң дыбыстардың айырмашылығы келесі мысалдар арқылы да көрінеді.

Бұл жерде бірінші сөз қатаң дыбыстан, ал екінші сөз ұяң дыбыстан басталады:

fine/vine	seal/zeal	choke/joke
[faɪn]/[vaɪn]	[sil/zil]	[tʃɒk]/[dʒɒk]
peat/beat	tote/dote	kale/gale
[pi:t]/[bit]	[tot]/[dot]	[keɪ]/[geɪ]

Қатаң дыбыстарды шығару барысында дауыс сіңірлері ашық болады және ауа дауыс шымылдығынан еркін, кедергісіз өтеді. Егер қатаң дыбыстан соң дауысты дыбыс тұрса, дауыс шымылдығы жабылып, дыбыс дірілдеуі мүмкін. Қатаң дауыссыздар дауыс шымылдығының жабылу уақытына байланысты екі топқа бөлінеді. Біз pit деген кезде еріндер ажырағаннан кейін дауыс шымылдығы р-ді босату үшін аз ғана уақытқа ашылады. Біз бұл р дыбысын қарқынды деп атаймыз, себебі, ауаның қысқа толқыны дауыс сіңірлері жабылғанға дейін шығып кетеді. Ал spit сөзінде р дыбысын шығарған кезде дауыс шымылдығы еріндер ажырамай тұрып дірілдей бастайды. Бұл қарқынсыз р дыбысы. Алақаныңызды ерін алдына 2,5 см қашықтықта ұстап, pit сөзін айтыңыз. Ауаның қарқынды түрде шыққанын сезесіз, бірақ, spit сөзін айтқанда олай емес. Tick сөзіндегі t және kin сөзіндегі k дыбыстары да қарқынды дыбыстар, ал stick сөзіндегі





t және skin сөзіндегі k – қарқынсыз дыбыстар. Демек, ұяң [b] (және [d] мен [g]) дыбыстарын шығару кезінде дауыс шымылдығы еріндер жабылып тұрған кезде дірілдейді және еріндер ажырағаннан кейін шығатын дауыссыз дыбыс кезінде де дірілдеуін жалғастырады.

Біз қарқынды дыбыстарды жоғарыда тұрған h фонетикалық символы арқылы келесі мысалдарда көрсетеміз:

pool	[phul]	spool	[spul]
tale	[thel]	stale	[stel]
kale	[khel]	scale	[skel]

Таңдай – ауыз қуысының жоғарғы жағында орналасқан сүйекті құрылым. Оны бас бармағыңызбен ұстап сезіне аласыз. Бірақ алдымен қолыңызды жуыңыз. Енді бас бармағыңызды төмен қаратып таңдайдан тамаққа қарай жылжытыңыз; жұмсақ таңдайды сезесіз, ол тегіс және жұмсақ болады. Жұмсақ таңдай тілшемен аяқталады, оны көру үшін айнаға қарап, аузыңызды ашып, «а-а-а» десеңіз болады. Таңдай тілшесі қозғалмалы және ол тамаққа тию үшін көтерілген кезде мұрынға жол жабылып, ауа тек қана ауыз арқылы шығады. Таңдай тілшесі көтеріліп, ауаның мұрын арқылы шығатын жолы жабылған кезде ауызжолды дыбыстар жасалады, себебі, ол кезде ауа тек ауыз арқылы шыға алады. Барлық тілде көптеген дыбыс ауызжолды дыбыстар болып келеді. Таңдай тілшесі төменде тұрған кезде ауа мұрын арқылы да, ауыз арқылы да шығады. Осындай жолмен шығатын дыбыстар мұрынжолды дыбыстар деп аталады.

[m] дыбысы – мұрынжолды дауыссыз дыбыс. [m] және [b] дыбыстарының айырмашылығы да осында, [m] – мұрынжолды, ал [b] – ауызжолды дыбыс.

Бұл дыбыстардың айырмашылығын raid [red] және rain [ren], rug [rʌg] және rung [rʌŋ] сөздерінен байқауға болады.

[d] және [g] дыбыстарын шығару кезінде таңдай тілшесі көтеріліп, ауаның мұрын арқылы шығуына кедергі жасайды, ал [n] және [ŋ] дыбыстарын шығару кезінде таңдай тілшесі көтерілмей, ауаның мұрын арқылы да, ауыз арқылы да шығуына жол береді. Сондықтан [m], [n] және [ŋ] – мұрынжолды дыбыстар, ал [b], [d] және [g] – ауызжолды дыбыстар. Осындай фонетикалық ерекшеліктің бар-жоқтығы барлық сөйлеу дыбыстарын төрт топқа бөледі: ұяң, қатаң, мұрынжолды және ауызжолды.

Қазір біз дауыссыздарды жіктеудің үш жолын білеміз: дыбысталуына байланысты (ұяң, қатаң), артикуляциялық орнына байланысты және ауаның шығуына байланысты (ауызжолды, мұрынжолды). Мысалы, [p] дыбысы қатаң, еріндік, ауызжолды дыбыс; [n] дыбысы қатаң, альвеолярлы, мұрынжолды дыбыс, және т.б.

Үзілмелі дауыссыз дыбыстар [p] [b] [m] [n] [k] [g] [ŋ] [tʃ] [dʒ] [ʔ]. Сөйлеу дыбыстарының арасындағы болмашы айырмашылықты көріп отырмыз. Алайда [t] және [s] дыбыстарының екеуі де – қатаң, альвеолярлы, ауызжолды дыбыстар. Олардың қандай айырмашылығы бар? Қалай болғанда да, task және sack сөздері екі түрлі. Ауа ағынының ауыз қуысында қысқа уақытқа кешігіп шығуы арқылы жасалатын дауыссыздар үзілмелі дауыссыздар деп аталады. Басқа дауыссыздардың барлығы созылмалы дауыссыз дыбыстар.

[t] және [s] дыбыстарының айырмашылығы: [t] – үзілмелі, ал [s] – созылмалы дауыссыз дыбыс.

- [p], [b] және [m] – үзілмелі еріндік дауыссыздар, бұл дыбыстар шығу кезінде ерін толық жабылып, ауа ағыны ауыз қуысында қалады.

- [t], [d] және [n] – үзілмелі альвеолярлы дауыссыздар, бұл дыбыстар шығу кезінде ауа ағынын тіл тоқтатып, альвеолярлы жиек толық жабылады.

- [k], [g] және [ŋ] – үзілмелі тіларты дауыссыздары, ауа таңдай тілшесінде тоқтатылады.

- [tʃ] және [dʒ] – палаталды аффрикаттар. Олар келесі дәрістерде толығырақ жіктеледі.

Біз ағылшын тіліндегі дыбыстарды талдап жатырмыз. Үзілмелі дыбыстар ағылшын тілінен басқа да тілдерде көптеп кездеседі. Мысалы, Боливия мен Перуда қолданылатын кечуа тілінде үзілмелі увулярлы дауыссыз дыбыстар бар, ол дыбыстарды шығару кезінде тіл таңдай тілшесіне тию үшін артқа қарай жылжиды. [q] фонетикалық таңбасы осы тілдің атауы Quechua



сөзінің алғашқы дыбысын білдіреді. Қатаң үзілмелі [ɔ] дыбысы да кечуа тілінде кездеседі. Саңылау (шұғыл) дауыссыз дыбыстар (фрикативтер) [f] [v] [θ] [ð] [s] [z] [ʃ] [ʒ] [x] [χ] [h]. Кейбір созылмалы дыбыстарды шығару барысында ауа ағыны қатты кедергіге ұшырап, үйкеліс туындайды, мұндай дыбыстар саңылау дауыссыздар деп аталады. Төменде берілген саңылау дауыссыздар жұптарының біріншісі – қатаң, ал екіншісі – ұяң.

- [f] және [v] – лабиоденталды саңылау дауыссыздар; үйкеліс тістер мен ерінде пайда болады және тар ғана саңылау ауаның шығуына мүмкіндік береді.

- [θ] және [ð] – интерденталды саңылау дауыссыздар; thin және then сөздерінде th деп берілген.

Тіл мен тістердің арасындағы саңылауда үйкеліс болады.

- [s] және [z] – тілұшы (альвеолярлы) саңылау дауыссыздар; үйкеліс альвеолярлы жиекте болады.

- [ʃ] және [ʒ] – палаталды саңылау дауыссыздар, мысалы, mission [miʃən] және measure [meɪʒə] сөздері.

Ол дыбыстарды шығару кезінде ауа тіл мен таңдайдың артқы бөлігінен өткен кезде үйкеліс пайда болады.

Ағылшын тілінде сөздер ешқашан қатаң палаталды саңылау дауыссыз дыбыстан басталмайды (өзге тілден енген сөздерден басқа, мысалы, genre). Ұяң палаталды саңылау дауыссыз дыбыстан басталатын сөздер: shoe [ʃu] және sure [ʃʊə]; аяқталатын сөздер: rush [rʊʃ] және push [pʊʃ].

- [χ] және [χ] – тіларты саңылау дауыссыздар. Бұл дыбыстар тілдің артқы бөлігінің жұмсақ таңдайға тимей, жоғары көтерілуі арқылы жасалады.

Ауа ағыны осы саңылау арқылы өткен кезде үйкеліс пайда болады. Бұл дыбыстар ағылшын тілінде көп кездеспейді, шотландтық ағылшын тілінің кейбір формаларында кездеседі, мысалы, loch – «көл» сөзінің соңғы дыбысы [χ]. Жылдам сөйлегенде wagon сөзіндегі ɔ дыбысы [χ] деп айтылады. Композитор И.С. Бахтың есімінің соңғы дыбысы [χ] деп айтылады, ол дыбыс неміс тілінде бар.

- [h] – көмей дауыссыз дыбыс.

Оның салыстырмалы түрде әлсіз дыбысы ауаның ашық дауыс сіңірлері мен жұтқыншақтың арасынан өтуі арқылы жасалады. Саңылау дауыссыздардың барлығы – созылмалы. Ауа ағыны ауыз қуысы арқылы өткенде кедергіге ұшырағанымен, толық тоқтап қалмайды.

Аффрикаттар [tʃ] [dʒ]. Бұл дыбыстар ауаның кешігіп, кейін біртіндеп босатылуы арқылы шығарылады. Church және judge сөздерінің алғашқы және соңғы дыбыстары тиісінше палаталды қатаң және ұяң дауыссыздар. Аффрикаттар созылмалы дауыссыздар емес, себебі, оларда үзіліс бар.

Жұмсақ дауыссыздар [l] [r] [l] және [r] дыбыстарын шығару кезінде ауа ағыны ауыз қуысында кедергіге ұшырағанымен, үйкеліс пен тарылу болмайды. Мұндай дыбыстар – жұмсақ дауыссыздар. Алдыңғы дәрістерде айтылғандай, олар әртүрлі жолмен жасалады, бірақ, акустикалық түрде ұқсас болғандықтан, бір топқа топтастырылған. Осы ұқсастығына байланысты ағылшын тілінде сөйлейтін шетелдіктер бұл екі дыбысты шатастырып алуы мүмкін.

Жартылай дауысты/дауыссыз дыбыстар [j] [w] [j] және [w] дыбыстары, you және we сөздерінің алғашқы дыбыстары ауа ағынының кішкене кедергіге ұшырауы арқылы жасалады. Олар әрқашан тікелей дауысты дыбыстың алдында кездеседі және сөздің соңында кездеспейді. [j] және [w] дыбыстарын шығарғаннан кейін тіл келесі дауысты дыбысты шығару үшін жылдам жылжып кетеді, осыған байланысты жылжымалы атауы шыққан.

Жылжымалы [j] дыбысы – палаталды дыбыс; бұл дыбысты шығару кезінде тілдің алдыңғы бөлігі таңдайға тиеді, beat сөзіндегі дауысты [i] дыбысының шығарылуына ұқсас. [w] дыбысы еріннің дөңгеленуі және тілдің артқы бөлігінің жұмсақ таңдайға тиюі арқылы шығарылады. Сондықтан ол лабиовелярлы дыбыс деп аталады. Ағылшын тілінде спикерлер which және



witch сөздерін әртүрлі дыбыстайды, which сөзінің [m] деп таңбаланатын алғашқы дыбысы ұяң лабиовелярлы дыбыс. [w] дыбысының жасалуы suit [sut] сөзіндегі дауысты [u] дыбысының жасалуына ұқсас.

Аппроксиматтар. [w], [j], [r] және [l] дыбыстары аппроксиматтар деп те аталады, себебі сөйлеу мүшелері үйкеліске жақын болады, алайда нақты үйкеліс болмайды.

Алғашқы үш дыбыс орталық аппроксиматтар, ал [l] – латералды (қапталдық) аппроксимат.

Бұл дәрісте ағылшын тіліндегі дыбыстарды талдағанмен, Халықаралық Фонетикалық Әліпбиде әлемдегі барлық тілдегі дыбыстар жіктелген және таңбалары бар. Мысалы, көптеген тілде дірілдер (trills) деп аталатын дыбыстар бар, кейбіреуінде шертпе (clicks) дыбыстар болады.

**Дірілдер мен ызыңдар.** Көптеген тілдегі r дыбысы ағылшын тіліндегі [r] дыбысынан өзгеше болуы мүмкін. Сөйлеу мүшелерінің жылдам дірілдеуінен дірілдеген r дыбысы шығарылады. Тілұшы дірілі испан тіліндегі perro – «ит» сөзінде кездеседі, ол дыбысты шығару барысында тілдің ұшы альвеолярлы жиекте дірілдейді. Француз тілінде сөйлейтіндердің көпшілігі rouge сөзінің алғашқы дыбысын таңдай тілшесін дірілдету арқылы шығарады. r дыбысы кейде ызың деп аталады және тілдің альвеолярлы жиекті түртуі арқылы жасалады және жылдам айтылған d дыбысына ұқсайды. Ол испан тілінде perro, сонымен қатар, британдық ағылшын тілінде very сияқты сөздер де кездеседі. Көптеген америкалықтар writer және rider сияқты сөздерде ызыңды [t] және [d] дыбыстарының орнына қолданады, фонетикалық түрде [raɪgər] деп айтылады.

**Шертпе дыбыстары.** Бұл «экзотикалық» дыбыстар ауыз қуысындағы ауаның әртүрлі мүшелер арасында қозғалуы арқылы жасалады. Жиі tsk деп айтылатын, келіспеушілікті білдіретін бұл тілұшы дыбысы Оңтүстік Американың зулу және т.б. көптеген тілінде кездеседі. Жылқымен тілдескенде шығарылатын дыбысқа ұқсас латералды шертпе дыбысы kxosa тілінде кездеседі.